e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

26 маусым 2018 ж. сейсенбі №72 (18720)

РУХАНИ ҚАЗЫНА

«Сапырған сары ожаумен сары қымыз, ысталған сары местен дәрі қымыз»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Құла кер құлын бәйге алып,
Ғұлама шалдарым жайланып,
Көк шүйгінге көміліп,
Көк мойнағын тебініп,
Көк сүңгісі емініп,
Тобылғы сапты қамшының
Зер шашағы төгіліп.
Жеңешем құйған қымыздан
Жұтқаны қандай керіліп.

Қостанай ауданының Заречный кентінде «Қымызмұрындық» фестивалі өтеді деп күні бұрын сауын айтылғаннан, сенбі күні «Арғымақ» атшабарына жиналған халықтың қарасы нөпір. Бәйбішесін ерткен ақсақал, бала-шағасын жетектеген жұп, қалжыңы жарасқан жас, ат арқасында жүрген ел азаматтары сағат онда басталатын той ауылына ертемен жиналып алған. Ал ипподром сырты толған көлік.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

8-бет.

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» — сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
6 айға – 3200 теңге.
– жеке оқырмандарға:
6 айға – 2400 теңге.
– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне

«Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

Ашық есік күні өтті

Қарлығаш ОСПАНОВА

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының облыстық филиалында ашық есік күні өтті. Шара барысында әрбір салымшыға зейнетақы қоры жайлы ақпараттар таратылып, тегін кеңес берілді.

Ашық есік күнінде зейнетақы жүйесіне енгізілген өзгерістер жайлы, зейнетақы жарналары, олардың түрлері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Қор мамандарының айтуынша, зейнетақы жинақтарының жағдайы туралы ақпаратты салымшылар электрондық тәсілмен ала алады. Өткен жылы БЖЗҚ операцияларының 52 пайызы осы электрондық әдіспен көрсетілген. Ал, мұның барлығы жүйені басқару шығыстарын азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Қордың корпоративтік стратегиясына сай, бұл көрсеткішті 2021 жылы 60 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

Жалпы, облыста 500 мыңнан артық салымшы бар. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы активтері 360 млрд теңгеден асады.

Электронды сауда дамып келеді

Биылғы жылдың алғашқы бес айында еліміз бойынша электронды сауда нарығының көлемі 101 млрд теңгеден асты. Жылдың аяғына дейін бұл көрсеткіш үш есеге артпақ. Интернет сауданы дамыту мәселесі облыс әкімі қатысқан алқалы жиында көтерілді.

Жергілікті "Қазпошта" мамандарының мәліметінше, нарықта 1658 интернет дүкені жұмыс істейді. Ал, оны пайдаланушылар саны 1,5 млн-ға жуықтайды. Онлайн сауда жасаушылар көбейген. Дегенмен, Қостанай облысында "post.kz" сайты арқылы бар болғаны 20 интернет дүкен тіркелген.

Облыс әкімі сала басшыларына халық пен кәсіпкерлердің сандық технологиялар бойынша қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында белсенді жұмыс атқаруды тапсырды. Онлайн сауданың қыр-сырын меңгеру үшін арнайы курстар ұйымдастыру керектігін де жеткізді.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

Сақтандыру шаралары жалғасуда

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Теректің қарша бораған ұлпасы өрттің шығуына себеп болуда. Өңірде осы айда жылдам тұтанғыш терек мамығына қатысты 21 өрт тіркелген. Күшейтілген жұмыс кестесіне көшкен облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департамент қызметкерлері тұрғындарға түсінік жұмыстарын жүргізуде. Ал оттың тұтануына себепкер болғандарға айыппұл салынатынын ескертеді.

– Қала тұрғындарына қауіпсіздік ережелерін қанша ескерткенімізбен, әзірге нәтиже шамалы. Бірекі аптаның ішінде ғана облыс бойынша 20-дан астам өрт оқиғасы тіркелді. Терек түбітіне от тастайтындардың дені балалар деп жатамыз. Бірақ, темекі тұқылын қалай болса солай лақтыратын ересектердің де бейқамдығын айта кету керек, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Терек мамықтарынан қорғану үшін коммуналдық шаруашылықтар да бірқатар шаралар атқаруда. Қаладағы біраз жасыл желектің тұқым шашатын бұталары кесілген. Бұл кезеңде өрт қауіпсіздік ережелерін барынша сақтау маңызды. Ұлпа көп жиналатын жерлерді әсіресе, терек көп өскен жерлерді тұрақты тазалап отыру қажет және балалар мен жасөспірімдерге оны өртеуге жол бермеу керек.

Осыдан екі күн бұрын Қостанайдағы Жауынгер-Интернационалист және Қайырбеков көшелерінің қиылысында терек түбіті жанып, жалын жеке тұрғын үйді шарпыған. Өрт сөндірушілер 17 адамды эвакуациялады. Оның бесеуі – балалар. Тілсіз жаудың салдарынан 2 велосипед пен сәби арбасы жанып кетті. Осыған орай, облыстық төтенше жағдайлар департаменті көшеде және үй аулаларында қызыл жалыннан абай болуға шақырады.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Білім науқанының нәтижелері

ОҢТҮСТІК АУДАНДАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖОҒАРЫ

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Еліміз бойынша ҰБТ толықтай аяқталмағанымен, Қостанай облысының көрсеткіштері белгілі болды. Облыстық білім басқармасының басшысы Бәтима Даумованың сөзінше, осы жылы білім науқанына облыстың 2858 түлегі қатысты. Бұл былтырғы көрсеткіштен 5,6%-ға артық. Оның ішінде 1396 түлек – мемлекеттік тілде, ал 1459-ы орыс тілінде тапсырды. Жалпы, өңірдегі 311 мектептің 277-сі ұлттық тестілеуге қатысуға өтінім берді. Бастысы, білім сапасы жаман емес.

– Облыс түлектерінің тестілеудегі орташа баллы – 86,7. 2017 жылғы көрсеткіштен 4,8 баллға көбірек жинады. Ал ҰБТ-ның Республикадағы орташа көрсеткіші қазір 83 баллды құрап отырғаны мәлім. Рудный, Арқалық қалалары және Аманкелді, Таран, Жанкелдин, Алтынсарин аудандары ҰБТ-дағы деңгейлерін жақсартты. Әулиекөл ауданындағы Көктал орта мектебі мен Аманкелді ауданындағы Аманкелді орта мектебі облыс бойынша үздік нәтиже көрсетті. Аталған аудандардағы сынақтың орташа ұпайы, тиісінше, 111,8 және 110,9 болды. Тестілеу көрсеткіші Науырзым, Қарабалық, Сарыкөл, Федоров аудандарында төмен, – деді басқарма басшысы.

Биылғы жылдың басты жаңалығы – 3 оқушы сынақты ағылшын тілінде тапсырды. Олардың орташа ұпайы – 97. Айта кетейік, елімізде небәрі 7 түлек ағылшын тілінде тестілеуден өткен болатын. Сондай-ақ, 142 "Алтын белгі" иегерінің 26-сы ҰБТ-ға қатысқан жоқ. Олардың оны Қостанай қаласының мектептерінде білім алды. "Алтын белгі" үміткерлерінің 56%-ы ғана 100 баллға ие болып, білімдерін қорғады. ҰБТ нәтижесінде Жанкелдин ауданы Торғай орта мектебінің түлегі Ажар Кенжебай облыстағы ең жоғарғы баллға ие болды. Ол 140 сұрақтың 134-не дұрыс жауап берген. 133 балл алғандардың ішінде қостанайлық Маржан Малкенова, Арқалық түлегі Гүлім Жаңалық пен аманкелділік Еркебұлан Жұмағазин бар.

Архимед Мұхамбетов ҰБТ қорытындысы бойынша өңірдің оңтүстік аудандарының жетістіктеріне тоқталды. Облыс басшысы білім сапасы төмен аудандардың әкімдеріне сын айтты. Архимед Бегежанұлы инновациялық мектептердің басшыларына да білім беру сапасын қолға алуды тапсырды.

Еске салсақ, ҰБТ 1 шілде күні толықтай аяқталады. Оның қорытындылары педагогтардың тамыз конференциясында белгілі болады.

Болашақ полицейлер

Қымбат ДОСЖАНОВА

Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жыл сайынғы дәстүрге сай бітіруші түлектердің салтанатты іс-шарасы өтті. Мерекелік жиында түлектерге дипломдар табысталып, офицерлік шен қоса берілді.

Салтанатты шараға ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Мейірлан Қызылов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин, Қазақстанның Еңбек Ері Алмат Тұрсынов, Қостанай облысы бойынша ішкі істер департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Бекет Аймағамбетов, Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет полковнигі Нұрболат Мусин қатысты. Академияның озат түлектері аталған азаматтардың қолдарынан диплом алу құрметіне ие болды. Диплом тапсыру рәсімінен соң академияның бастығы М.Қызылов ҚР ІІМ министрінің құттықтауын оқыды. Құттықтау мәтінінде "Құрметті түлектер, сіздер де жақын арада Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатарына қосылатын боласыздар. Дипломдарыңыз әрқайсыңызға білікті маман атанып, кәсіби мансапқа қол жеткізу, халықтың құрметі мен ықыласына бөлену мүмкіндігіне жақындата түседі. Бұл көп жылдық табанды еңбекпен келетін, заңдылық пен адамгершілік қағидаларын бұлжытпай сақтағанда ғана мүмкін болады. Сіздерге терең білімге қоса, ішкі істер органдары қызметкерлерінің алдына қойылатын жоғары ұйымдастырушылық, моральдық қасиет қажет ететін күрделі де жауапты міндеттер орындау сеніп тапсырылады",– делінген.

Марапаттау рәсіміне қатысқан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин түлектерді құттықтап:

– Құрметті түлектер сіздер академияның қабырғасында оқуларыңызды оқып, білімдеріңізді жетілдіріп, үлкен өмірге жолдама алып тұрсыздар. Қазіргі уақытта біздің еліміздің алдында үлкен міндеттер тұр. Соның бірі – жоғары дамыған 30 елдің қатарына кіру. Алдымызға қойған осы ұлы міндетке сіздер өздеріңіздің еңбектеріңізбен атсалысуларыңыз керек. Сіздерде білім бар, бірақ әлі тәжірибе жоқ. Тәжірибе деген жұмыс кезінде адамның бойына жинақталады, – деді.

Бұл іс-шара Қазақстан полициясы күні мен Елордамыз Астананың 20 жылдығы мерекелері қарсаңында ұйымдастырылып отыр.

Суреттерді түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

АЙМАҚ

Ауданды не алаңдатады?

Жандос ЖҮСІПБЕК

Облыстық мәслихат депутаттары Ұзынкөл ауданына іссапармен барды. Мақсат – бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен танысу, тұрғындарды қабылдап, өзекті деген мәселелерге ден қою.

Аңқасы кепкен ауылдар бар

Облыстық мәслихаттың экономиканы және ауылдық жерлерді дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясы жұмыс сапарын Ұзынкөл ауданының Ершов елді мекенінен бастады. Бұл – халық тығыз орналасқан бірегей ауыл. 900 адам тұрады. Шаруашылығы да жолға қойылған. Істеймін деген адамға жұмыс табылады. Мәселен, "ПФ Ершовское" ЖШС-нің құс фабрикасы 40 шақты тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Олардың табысы ауылдағы күнкөріске жетеді: орташа айлық 70 мыңдай теңге. Бұған қоса, егін шаруашылығымен айналысатын "Ершовское-2" ЖШС бар. Ол да халықпен ырысын бөлісіп келеді. Бұл серіктестіктер еңбекшілерінің тұрмыстық ахуалын жақсартуға тікелей септігі бар. Сондай-ақ, ауылдың мұң-мұқтажын мүмкіндігінше ескеріп отырады. Қолдау-демеуден тысқары қалып көрген емес. Арқалағандары – алғыс. Бір сөзбен, ауыл біреуден ілгері, біреуден кейін тіршілік етіп отыр. Алайда...

Алайда, аядай ауылды толғантатын бір ғана мәселе бар – ауызсудың қолжетімсіздігі. Ершовтан әріректе жатқан Обаған өзенінен құбыр тарту жоспары орындалмас арманға айналғалы қай заман. Ауыл жанашыры, "Ершовское-2" ЖШС директоры Сәбит Ағайдаровтың айтуынша, бұл мәселе республикалық деңгейге дейін көтерілген. Жобалық құжаты әзірленгенімен, қарайған қаражатты талап ететіндіктен, қозғаусыз күйі қалып келеді. Магистраль тарту үшін 1 млрд 400 мың теңге қаржы қажет екен.

– Мұның оңайлықпен шешімес мәселе екенін мойындау керек. Дей тұрғанмен, назарымызға алып, жоғары жаққа ұсыныс әзірлеуге талпынып көреміз. Бір оңтайлы шешімі табылып жатса, үлкен игілік болары сөзсіз, – деді ауылдықтардың шағымын тыңдаған делегация жетекшісі Олег Даниленко.

Дәл осындай мүшкіл хал ауданнан шалғайда жатқан Королев ауылына да тән. 60 түтіні бар бұл ауыл ауызсуды іргелес Солтүстік Қазақстан облысынан тасып ішеді. Депутаттар қабылдауына келген тұрғындар осы мәселені назарға алсаңыздар екен деген тілектерін жеткізді.

"Ұзынкөл-Су" мекемесінің директоры А.Внуков та ауданды ауызсумен қамту жөнінде есеп беріп, шешімін таппай отырған мәселелердің барын жоққа шығармады. Аудан орталығының өзі орталықтандырылған ауызсумен толық қамтылып бітпеген. Бұл шаруа осы жылы 100% аяқталмақ. Директор аудандағы су тасымалы маршрутын ұлғайту, мемлекеттік субсидия демеуімен ауызсудың текшелік бағасын арзандату мәселесі назарда ұсталатынын айтады.

Жиділп жатқан жолдар және...

Облыстық мәслихат депутаттары "Нұр Отан" партиясының аудандық филиалы ғимаратында тұрғындардың арыз-тілектерін тыңдаған еді. Ауданның әр түкпірінен келген азаматтардың қай-қайсысы да ауылдастарына ортақ мәселені ортаға салды. Айналып өтуге болмайтын сондай түйткілдердің бірі – Ұзынкөлге ескіден таныс жол мәселесі. Троебрат ауылынан келген Алмас Есілбаев дейтін кәсіпкердің шағымы осыған саяды.

– 2015 жылы қостанайлық әлдебір мердігер компания Пилкин ауылы мен Карл Маркс елді мекені аралығындағы 18 шақырым жолды жөндеген болатын. Жаман емес, қалпы әлі күнге дейін бұзыла қойған жоқ. Ал енді бұл жұмысты Карл Маркстан әрі қарай жалғастырған "Горвард" деп аталатын компанияға өкпеміз бар, – дейді А.Есілбаев. – Созбалап жүріп салғандары – төрт-ақ шақырым. Сапасыздығы бір-ақ ай ішінде білінді. Асфальт емес, бейне бір салынған сурет сияқты езіліп, ыдырап, тас-талқан болды...

Кәсіпкердің "осының сұрауы жоқ па?" деген емеурінін ұққан комиссия желге ұшқан ақшаның болжамды сомасын есептеп көрді. Жолдың әр шақырымы 28 млн теңге болады екен. Енді оны төртке көбейте беріңіз... 112 млн теңге!

– Мұнымен прокуратура айналысуы керек. Ендеше, біз облыстық прокуратураға депутаттық сауалхат дайындауымыз керек. Барлық деректерді бүгешігесіне дейін атап көрсетеміз. Ал әлгі кінәлі "Горвардпен" байланысқа шығып жатудың бізге керегі жоқ. Айыбын өтетуді құзырлы орган еркіне тапсырайық, – деген байлам жасады комиссия төрағасы О.Даниленко.

Бұдан кейінгі мәселелер экономикалық сипатқа қарай ойысты. Жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің депутаттардан сұрайтын көмегі – өнімдерін өткізуде туындайтын кедергілерден арылу. Бұл тұрғыда көбісінің тілектері бір жерден шығады. Мал етін өткізу, майлы дақылдар сату субсидияланса дейді олар... Депутаттар әрқайсысының өтініші міндетті түрде тиісті орындардың қарауына ұсынылып, олардың мақұлдануын тосатындарын айтты.

...Айта кетейік, іссапар барысында комиссия мүшелері "Қаратал" ЖК-нің мал сою орнына барып, жұмыс барысымен танысты. Одан соң Н.Ағытаев есімді аудан тұрғынының жыл бойы үзіліссіз жеміс өсіретін жылыжайына соқты. Сондай-ақ, олар ҰОС-ның 98 жастағы ардагері Иван Азаровтың шаңырағына да бас сұғып, азық-түлік түрінде демеушілік жасады. Жұмыс күні аудан әкімдігі ғимаратындағы активпен өткен жиынмен аяқталды.

СТАТИСТИКАҒА СҮЙЕНСЕК

Қостанай облысындағы шағын кәсіпорындардың қызметі

2018 жылғы I тоқсанда облыс шағын кәсіпорындардың өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі 99,1 млрд теңгені құрады.

Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінен көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеумен айналысатын кәсіпорындар көлемінің үлесі 47,9%, өнеркәсіп кәсіпорындардың 21,4%, құрылыспен айналысатын 11% құрады.

5926 шағын кәсіпорындардың ішінен 3634 (61,3%) кәсіпорын Қостанай қаласында, 867 (14,6%) – Рудный қаласында, 310 (5,2%) – Қостанай ауданында орналасқан.

Шағын кәсіпорындардың кіріс пен шығыс арасын айыратын қаржы нәтижесі пайда ретінде 14 млрд теңге сомасында анықталды.

Тоқсан ішіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны – 50469 адам.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің саны

Қостанай облысының жұмыс істейтін ШОК субъектілер санының индексі 2018 жылғы 1 маусымға 104,5% құрады

Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 65750 бірлікті құрады, одан 11074 – заңды тұлғалар, 49077 – дара кәсіпкерлер, 5599 – шаруа немесе фермер қожалықтары.

Жұмыс істейтін ШОК субъектілерінің саны 50116 бірлікті құрады, одан 7057 – заңды тұлғалар, 37742 – дара кәсіпкерлер, 5317 – шаруа немесе фермер қожалықтары.

Өнеркәсіп өндірісі

2018 жылғы қаңтар-мамырда өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индексі 112,4% құрды.

Облыстың өнеркәсібімен 2018 жылғы қаңтар-мамырда қолданыстағы бағаларда 337,3 млрд теңгеге өнім өндірілді.

2018 жылғы қаңтар-мамырда 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда металл кендерінің өндірісі ұлғайды. Тамақ өнімдері, сусындар өндіру, химиялық, фармацевтикалық өнеркәсібі, резеңке және пластмасса бұйымдарын, өзге де металл емес минералдық, металлургия өнеркәсібі және машина жасау өнімдерінің өндірісі өсті. Сонымен бірге жеңіл өнеркәсіп, ағаштан және тоздан жасалған өнімдер, қағаз және қағаздан жасалған өнімдер, дайын металл бұйымдарын жасау өнеркәсібінде төмендеу болды.

Өнеркәсіптік өнімдер өндірісі көлемінің өсуі Денисов және Науырзым аудандарынан басқа облыстың 18 өңірінде байқалды.

Қостанай облысындағы кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі

2017 жылғы облыс кәсіпорындарының кіріс пен шығыс арасын айыратын қаржы нәтижесі пайда ретінде 70,3 млрд теңге сомасында анықталды.

Ең үлкен оң қаржы нәтижесі Рудный (41,1 млрд теңге) және Қостанай (19,7 млрд теңге) қалаларында, Таран (12,5 млрд теңге) және Жітіқара (12,1 млрд теңге) аудандарында, теріс нәтиже – Қостанай ауданында (21,4 млрд теңге), Арқалық (4 млрд теңге) қаласында, Сарыкөл (3,2 млрд теңге) ауданында алынды.

2018 жылғы 1 қаңтарға міндеттемелер бойынша берешек 2074,7 млрд теңге, дебиторлық берешек – 547,1 млрд теңгені құрды.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Жылдың үздік жобасы

ССКӨБ-тің "Ақылды кеніш" жобасы салалық "Алтын Гефест" байқауының лауреаты атанды

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Қорытынды Астанада мерейтойлық 25-ші Дүниежүзілік тау-кен конгресі аясында шығарылды. "Жыл жобасы" аталымында "Қашар кенішінің тау-кен көлігі кешенін басқарудың автоматтандырылған жүйесі" атты жұмыс үздік деп танылды.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің ақпараты бойынша, жыл сайын "Алтын гефест" ұлттық салалық байқауына 100-ден астам үміткер өтінім білдіреді. Биыл ССКӨБ – солардың қатарында.

"Жыл жобасы" аталымында әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат пен өндірістік қайта құруды арттыруға бағытталған әзірлемелер қаралады. Сол себепті де кен алыбының қызметкерлері енгізген инновация жоғары бағаға ие болып, жылдың ең үздік жобасы аталды.

Жаңа енгізілім Қашар кенішін 4.0 Индустриясы тұжырымдамасына сай дамытуға мүмкіндік береді. Жобаның элементтері тау-кен көлігі кешенін нақты уақытта автоматтандырылған басқару мен диспетчерлендіруді, ГИС, MES және ERP (SAP) жүйелерінің базасында жоспарлаудың біріктірілген орталықтарын, дәл жерсеріктік жайғастыру мен бұрғылау-жару жұмыстарын басқаруды енгізумен байланысты. Нәтижесінде тиімділік көрсеткіштерінің айқындығы мен бақылау қамтамасыз етілді, қызметкерлер жедел есепке алуға, жабдықты қолдану жөнінде шынайы және толық ақпаратқа 100 пайыз қол жеткізеді.

"Ақылды кеніш" жобасын енгізудің нәтижесінде кәсіпорын өндіретін өнімнің экономикалық тиімділігі артты. Еуразиялық Топ бұл технологияны өзінің барлық кен өндіруші кәсіпорындарына енгізетін болады.

– ССКӨБ 4.0 Индустриясы технологияларын енгізуге кірісті. Кәсіпорын техникалық қайта жарақтандыруды белсенді жүргізуде. Бұл ретте, экономикалық тиімді жобаларды табысты дамытуға мүмкіндік беретін, осылайша еліміздің тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігін нығайтатын ең заманауи технологиялар пайдаланылып жатыр, – дейді "ССКӨБ" АҚ президенті Береке Мұхаметқалиев.

ЖАСТАР ІСІ

Жастар санасының жаңаруы – келешек кепілі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласының жарық көргенінен бір жылдан аса уақыт өтті. Содан бері,"Туған жерге туыңды тік!" деп ұрандап, "Көркейе бер, Қостанай!" атты акциясының аясында облысымызда талай іс қолға алынып, демеушілер есебінен 2017 жылы 135 іс-шара өткізілсе, биыл 140-тан аса әлеуметтік жоба қолға алынуда. Осының барлығы елді мекендерді абаттандырып, ауылдарды көркейтуге, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен әлеуметтік-мәдени нысандарды қалпына келтіруге бағытталған.

Алайда, осы арада "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында тек демеушілер мен меценаттарды тарту көзделген деген теріс пікір бар. Ал мақаланың негізгі түйіні азаматтарымызды руханияттылыққа, білім мен ғылымға тартып, ұлттың алға ілгеруіне жол ашу. Сондықтан, аталмыш мақсатқа қол жеткізу тек демеушілердің қаражаты ғана емес, баршамыздың жұмылуымызды талап етеді.

"Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық санасезімнің "отбасы, ошақ қасы" аясында қалуынан туындайды", – дейді Елбасы. Шынында да, бүгінгі Қазақстан үшін "қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған" кезеңде заман талабынан кешікпей жаңа технологияларды тартып, түрлі салаларда инновациялық жаңашылдықтарды енгізу еліміздің дамуының басты кепілі. Жасыл экономика, IT-технологиялар, робототехника сияқты бағыттар қол жетпес келешекте емес, қазірігі заман шындығы. Сондықтан, бүгін осының барлығын жүзеге асыратын мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінуде. Мысалы, биыл облыстық қаражат есебінен жас мамандарды оқыту үшін 200 грант бөлініп отыр. Қостанай облысының жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушыларды тәжірибе алмасуға бағытталған 15 халықаралық ұйымдармен келісімшартқа қол қойылған.

Сонымен қатар, бұл бағытта түрлі салаларда табысқа жетіп, үлкен белестерден көрінген жерлестеріміз "Рахмет саған, туған ел!" жобасының аясында облыс аудандарының тұрғындарымен, мамандарымен, жастарымен кездесіп, кеңестерін беріп, тәжірибелерімен бөлісуде. Бұл адами капиталды жетілдіріп, жастарымыздың ақыл-ойының дамуына жол беретін нақты мүмкіндіктер. Оларды дұрыс және уақытылы пайдаланып, алған білімді облысымыздың дамуына бағыттау бағдарламаның басты ойларының бірі. Сондықтан, 30 дамыған елдердің қатарына қосылу жолында өзімізді мықтап қолға алып, жаңа дәуірдің жағымды жақтарын осындай тетіктер арқылы бойға сіңіруіміз керек. Сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға сіңіп қалған аймақтық бөліну, жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық арқылы көтерілу, үнемсіздік пен ысырапқорлық сияқты кертартпа қағидалардан арылуымыз қажет.

Керісінше, тек қазақ халқына тән жоғары моральдық қасиеттерімізді келешек ұрпаққа рухани мұра ретінде сақтап қалдыру біздің борышымыз. Мысалы, жеті атасын білу дәстүрі Еуропа мен Азия елдерінің арасында жалпыұлттық деңгейде тек біздің елімізге ғана тән.

"Үлкенге құрмет, кішіге ізет" демекші, жастардың ақсақалдардан бата, өсиет алу рәсімі де өзіміздің ерекшелігіміз. Бұны ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі деп білу қажет. Біздің әлемге тән қонақжайлылық дәстүрлері қиын тарихи құрылымдық кезеңдерде талай ұлт өкілдерін сақтап, оларға бүгінгі күні қазақстандық атына ие болуға мүмкіндік тудырды. Бұл жұмысты ілгерілету бағытында азаматтық қоғам өкілдерінің үлесі зор. Мысалы, облыстық ардагерлер кеңесінің өткізіп жүрген "Ата өсиеті", "Ана дария" "Ұрпақтар сабақтастығы" атты жобалары өте орынды әрі өзекті. Бұндай қаражатты қажет етпейтін іс-шараларды өткізу – жастарымызды ұлттық құндылықтарды сақтауға, мәдени мұраны дамытуға баулиды.

Қорыта келгенде, әлемдік жаһандану жолында "Рухани жаңғыру" бағдарламасының мағынасы тек қаражат жинап, демеушілерді тартуда ғана емес, бұл саналық ашықтықты талап ететін, әр азаматтың өзіндік өзгеруі мен рухани дамуына жол ашатын ауқымды жұмыс.

Абылай-хан КӘКЕНОВ,
облыстық ішкі саясат басқармасының идеологиялық жұмыс бөлімінің басшысы.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Есте қалар елеулі сапар

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми экспедициялық тобы "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында киелі Екідің өлкесіне сапарлады.

Экспедиция барысында топ мүшелері Екідің тарихи ескерткішімен танысып, жергілікті тұрғындардан тарихи мәліметтер жинақтады.

Екідің – Торғай өңіріндегі көне заманнан қалған тарихи сәулет өнерінің ескерткіші ретінде белгілі. Екі дің бір-бірінен біршама қашықтықта орын тепкен. Бірінші дің Бейсен қыстауынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде тұр. Қасында Қараторғай өзені ағып жатыр. Екінші дің өткел маңындағы қырда орналасқан. Алыстан көзге түседі. Киіз үй тәрізді құрылыс тақтатастан салынған.

Оғыз, қыпшақ, қарлұқ қағанаттары кезінде кеңінен таралған мұндай құрылыстарды жау жолын қарап отыратын қарауыл ретінде пайдаланған деседі. Бұл екі діңге 1959 жылы академик Әлкей Марғұлан бастаған археологтар зерттеу жүргізіп, ежелгі құрылыстың ерте темір дәуіріне жатқызылатынын дәлелдеді. Оның жазуынша, Қазақстан аумағында сирек кездесетін "айтас" немесе "дің" деп аталатын киіз үй тәріздес бұл құрылыстар ерте кезде қасиетті орындарға арналған жер болуы мүмкін. Бұл қасиетті "Діндер" 1916 жылғы ұлтазаттық көтерілісінің дарабоздары Әбдіғапар ханның, Амангелді, Кейкі батырлардың шолғыншы сарбаздарына да игі қызмет еткен.

– Бақылап қарасаңыз, діндердің үстіңгі бөлігі асқан шеберлікпен ойылған. Ауыл ақсақалдары айтқандай, ол түтін тартқыш ретінде де қолданылған. Ертеректе жақындап келе жатқан жауды көрген қазақ жауынгерлері халықты шапқыншылықтан аман қалдыру үшін шұғыл түрде ескерту жасауға міндетті болған. Дәл осы мақсатпен олар дің тұрғызып, оның ішіне от жақты. Халық алыстан түтінді байқап, осылайша, төнгелі тұрған қауіп жайындағы ескертуді алған. Діннің төбесіне шықсаңыз, алыс-жақын жердегі айналаның бәрі анық көрінеді. Сарбаздар ауа-райы қолайсыз кездерде үй есебінде пайдаланған. Бүгінгі күнге дейін мұндай орындардың санаулысы ғана жетіп, аман қалды. XX ғасырдың 80-ші жылдарында жергілікті тұрғындар бұзылған діндерді ішінара қайта қалпына келтірген. Ескерткіш 1982 жылдан бері мемлекет қорғауында.

Жалпы алғанда Сарыторғай, Қараторғай өңірі көне тарихи ескерткіштерге бай өлке. Сондықтан болар Қазақстанның сакральды картасына осы аймақтағы бірнеше тарихи ескерткіш енгізілді. Екідіннен басқа "Маятас", "Махат саханасы", "Қызтам", "Қостам" сияқты киелі ескерткіштер, сонымен қатар Қараторғай өзенінің бойындағы ежелгі сақ қорымдары кейінгі кезде тарихшы-археолог ғалымдардың қызығушылықтарын оятып жүр. Соңғы жылдары сақ обалары қазылып, құнды жәдігерлер табылуда.

Арқалық қаласы.

АЙМАҚ

Жол мәселесі шешілуде

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Биылғы 2018 жыл аманкелділіктер үшін жаңалықтар мен қайнаған қызу еңбекке толы жыл болып тұр. Осы бірер күннің ішінде аудан орталығы Аманкелді селосындағы ең ұзын көше саналатын Сырбай Мәуленов даңғылы түгелдей жаңадан асфальтталып шықты. Жол теп-тегіс. Жүруге қолайлы. Сол секілді, А.Байтұрсынов, Ә.Дүйсенбин көшелерінің біраз бөлігі жаңадан асфальтталды. М.Мәметова көшесі де қалыпқа келтірілді. Көшелер бұған дейін дәл биылғы жылғыдай қалың асфальтталған емес. Көбіне кедір-бұдыр шұқырлар тегістеліп, бітелетін де қоятын. Ал мына жағдай аманкелділіктерді толқытқан оқиға болды. Кіммен кездессең де, олар аудан орталығындағы басты-басты көшелердің қалың асфальтталып жатқанына қуаныштарын білдіреді. Солардың бірі – село тұрғыны, Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, бір кездегі атақты шопан, бүгінде зейнеткер болып отырған Есет Бейсенов ақсақал. Есекеңмен С.Мәуленов көшесінің бойында кездесіп қалдық. Мінезі

ауыр, көп сөйлей бермейтін Есекең жан-жағына қарап, ризалық кейіпте тұрды. Сәлем беріп:

– Ес-аға, қалай, көшенің асфальтталғанына көңіліңіз тола ма? – дестік.

– О, қарақтарым, не айтатыны бар? Аудан орталығының барлық көшесі осылай асфальтталса, қандай жақсы болар еді?! Жаңа ұлы ақын Сырбай ағаның атындағы көшемен келе жатып, Тәуелсіз Қазақстанымыздың келешегінің кемелдігіне ой жүгірттім. Астанамыздың 20 жылдығы және ауданымыздың 90 жылдығы тойланатын жылы біздің ауданымызға жақсылықтар бірінен соң бірі жаңбырша жауып тұр. Селодағы А.Байтұрсынов, Ә.Дүйсенбин, М.Мәметова көшелерінің асфальтталуы көңіл сүйсінтеді. Соңғы 2-3 жылдың ішінде қаншама тротуарлар салынды?! Аудандық әкімдіктің алдындағы үлкен алаң қайтадан жаңғыртылып жатыр. Енді санаулы күндерден соң Аманкелді-Үрпек бағытындағы 15 километр жолдың 8 километрі асфальттталмақ. Бұл да – үлкен қуанышты жәйт. Менің құрығымды ұстаған Талғат атты балам Үрпек ауылдық округінде тұрады. Үрпекке баратын 15 километр жолдың азабы адам төзгісіз. Көктемде облыс әкімі келгенде ол кісі осы жолдың тең жартысы биыл асфальттталатынын айтқан еді. Облыс басшысының берген тапсырмаларының бірінен соң бірі ойдағыдай орындалып жатқаны – мемлекетіміздің, облысымыздың өркендеп, өсіп келе жатқанының белгісі емес пе?! Айтары жоқ, қазір Елбасымыз қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға байланысты көптеген тамаша жұмыстар жасап жатыр. Көпті көрген біз үшін Елбасымыздың еңбегі ересен! Қазақстанның өркендеп келе жатқанының анық бір мысалы – Аманкелді ауданы экономикасының дамып, әлеуметтік жағдайының жылдан-жылға жақсара түсуі деп білемін.

Мен елімізді жиі аралаймын. Бірде оңтүстікте болсам, бірде Батыс Қазақстан облыстарын аралап қайтамын. Сол секілді, өзіміздің Қостанай облысының аудандарына да жиі барып тұрамын. Біздің Аманкелді ауданы – облысымыздағы келбеті көркем, табиғаты әсем, жері бай, елі ұйымшыл, құтты мекеннің бірі. Мұны өзге аудандардың халқы жиі айтады. Қарабалық, Федоров, Қостанай аудандары секілді біздің Аманкелді ауданы да жыл санап өркендеп келеді. Халықтың жағдайы жақсы, тұрмыс-тіршілігі мығым, ынтымақ-бірлігі күшті. Ауданымызда 22 ұлттың өкілі бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай өмір сүріп жатыр. Олардың бәрі біздің ана тілімізде, яғни мемлекеттік тілде сөйлеп, оқып жатыр. Қазақ тілін қазақтардан кем білмейді десек, артық айтқандық бола қоймас. Олардың бәрімен құда-жекжат, туыс болып кеттік. Өз басым ауданымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігіне қуанамын! – деді Есекең жүзі бал-бұл жанып.

Аудан орталығындағы көшелердің жолын салып жатқан мекеме – Арқалықтағы "Алюминстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жолшылары. Серіктестік басшысы Абай Мұқанов ауданға жиі келіп, жолшылардың күнделікті жұмыс барысын қадағалап, оларға тиісті тапсырмалар беріп отырады.

Жолдың жақсы болуы – көп нәрсенің оңай шешілуін қамтамасыз етеді. Тегіс жолдың аты – тегіс жол. Техникаға да, жүргізушілерге де тиімді. Рульмен алысып, жылдамдықты қайта-қайта ауыстырып машақаттанбайды. Барар жерге жылдам барып, берген тапсырманы да уақытында орындайды. Жалпы, Аманкелді ауданы үшін Арқалық пен Қостанайға қатынау – қазір өте қолайлы болып тұр. Аудан орталығынан Арқалыққа 3 мезгіл автобус және таксилер қатынаса, Қостанайға да шағын автобус пен таксилер күн сайын жүріп тұр. Олар Аманкелдіден сағат 9-да шығып, сағат 13-14-терде Қостанайда болады. Шағын автобустың жол жүру құны өте арзан, қарапайым халыққа сондай тиімді. Қостанайға барып-қайту үшін билет құны – 4 000 теңге. Яғни, бір жаққа қатынау құны – 2 000 теңгеден. Таксидің бағасы да қолайлы. Қазір аманкелділіктер Қостанайға барып, шаруасын сол күні бітіріп, ауылға оралатын болды. Бұл бұрын түске кірмеген жәйт болатын.

– Біздің ауданымыз өте жақсы жерде орналасқан. Іргеден шабын, өзен-суларымыз мол. Бізге енді үйлерімізді газбен жылыту шешімін тапса, жетіп жатыр. Туған жерден ешқайда көшпейміз. Әрине, газ мәселесі түбі шешіледі деген ойдамыз. Тұңғыш Президентіміз – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев биылғы Жолдауында Қазақстанның солтүстік облыстарын газдандыруды алға қойғаны белгілі. Алда Астанамызға газ келсе, көп ұзамай-ақ бізге де оның шарапаты тиеді деген ойдамыз. Елбасымыздың Қазақстанды жаппай газдандыру саясатының сөзсіз орындалатынына сенімдіміз! – дейді село тұрғыны, запастағы полиция майоры, зейнеткер, еңбек ардагері Шәмшиден Дүйсенбайұлы Қозбақов.

Иә, аманкелділіктер Елбасымыздың жүргізіп отырған қазіргі сұңғыла саясатын ұйымшылдықпен қолдап отыр. Өйткені, Елбасы Қазақстанның алдына қойған міндеттер бірінен соң бірі орындалып, халықты қуанышқа кенелтуде.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: толық асфальтталған С.Мәуленов көшесінің бойы; "Алюминстрой" ЖШС құрылысшылары іс үстінде.

Суреттерді түсірген автор.

Сергек ойын сергітті

Біздің елімізде тас-таяқ ойыны жақсы үрдіс алып келеді. Қазіргі уақытта көптеген зейнеткерлердің сүйікті ойынына айналған спорт түрі – тас-таяқ (бильярд) ойыны. Жарыс барысында тас-таяқ мергендікті, дәлділікті, сабырлықты және жақсы ойлау қасиеттерді талап етеді.

Еліміздің жүрегі – Астана қаласының 20 жылдығына орай "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары ардагерлерінің" Республикалық қоғамдық бірлестігінің ҚР ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаменті жанындағы филиалы Ардагерлер кеңесінің ұжымымен тас-таяқ ойыны бойынша зейнеткерлер арасында "Шеффилд" бильярд клубында жарыс өткізілді. Жарысқа Прокуратура, Ішкі істер департаменті, Қаржы полициясы, Төтенше жағдайлар бойынша департаменті, Қалалық ардагерлер кеңесі командалары қатысты. Сайыстың ережесіне сәйкес жастарына қарай 3 топқа: 1 топ "Серілер – 60 жасқа дейінгілер", 2 топ "Мырзалар – 60 жас және одан жоғары дейінгілер", 3 топ "Ақсақалдар – басшылар" болып бөлінді. Басшылар тобынан басқалары, әр топтан 2 спортшыдан қатысты. Ойын олимпиялық жүйе бойынша екі мәрте жеңіліс тапқан спортшы, сайыстың ережесіне байланысты ойыннан тыс қалып отырды.

Әлемдік футбол додасымен қатар келген біздің жарыс та өте тартысты, қызықты басталды. Кезінде спорттың басқа түр-түрлерін тізгіндеген зейнеткерлер өздерінің шеберлік деңгейлерін көрсетіп, бильярд үстеліндегі шыр айналған тастарды бірінен соң бірін ұяшыққа кіргізе бастады. Қаруды жолдас қылған зейнеткерлер үстел үстіндегі 16 тасты да бағындыра білді. Жарыстың ортасына қарайептілік пен мергендік көрсете білген зейнеткерлер жартылай финалға және финалға іріктеліп шықты. Осылай төзімділік пен жүйке жүйелері, ойлау қабілеттері мықтылары жүлде үшін таласқа бастарын тікті.

Жарыстың қорытындысы бойынша, 1 топ "Серілер – 60 жасқа дейінгілер" арасында 1 орынды Бейісов Елубай Сейілұлы (ҰҚК), 2 орынды Ахметов Мәлік Сағадатұлы (ҰҚК), 3 орынды Суслов Виктор Александрович (Қал.ард.кең.) пен Касаев Константин Хасанович (ІІД) иеленді. 2 топ "Мырзалар – 60 жас және одан жоғары дейінгілер" арасында 1 орынды Байқасов Естай Нұрғалиұлы (ҰҚК), 2 орынды Перевозний Владимир Александрович (Қар.пол.), 3 орынды Қуанышев Пазыл Мақайұлы (Қар.пол.) мен Максименко Василий Никифорович (Қал.ард.кең.) жеңіп алды. 3 топ "Ақсақалдар – басшылар" арасында 1 орынды Дәуенов Михаил Түсіпұлы (ҰҚК), 2 орынды Баков Ерік Тұрсынбекұлы (ТЖД), 3 орынды Калисов Жұмахан Сейдалыұлы (Қар.пол.) мен Лысенко Анатолий Николаевичқа (Прокур.) тиісті болды. Жеңімпаздарға, жүлделілерге және номинация бойынша диплом, медаль және грамоталар табыс етілді. Зейнеткерлер үшін тас-таяқ ойыны өте жақсы әсер қалдырды. Сөйтіп бұл жарысты алдағы уақытта Қостанай облысы бойынша құқық қорғау органдары мен сот жүйелері арасында дәстүрлі түрде өткізіп отыру жоспарланды.

Мәлік АХМЕТОВ, ҚР ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаменті ардагерлер кеңесінің мүшесі.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Ән құдіреті

Әлібек ЫБЫРАЙ

Ел ішінде: «Қазақта әнші көп те, Шәмші жалғыз», – дейтін бір тәмсіл айтылып жүр. Тұспал сөз. Қалай айтылса да шымыр шыққан. Қазір не көп, күніне ән жазып, өзін «композитор» сезініп жүргендер көп. Көп жағдайда беделді, әндері ел аузында жүрген өнер иелерінің өздері солардың тасасында қалып қояды.

Бірақ, алтын кездіктің қын түбінде жатпайтыны сияқты, шынайы дарын иесі бәрібір жерде қалмайды. Қарт Торғайдың топырағынан тамыр тартқан небір таланттар шоғырының арасында композитор Алтынбай Сейітқасымовтың есімі ерекше ілтипатпен аталады. Өйткені, ол өзінің туған жеріне әннен ескерткіш қойған азамат. Қазір «Айналайын Торғайым» әнін білмейтін адам жоқ. Жиын-тойларда, басқосуларда, өнер кештерінде жиі шырқалады.

Алтынбай Әбдісалықұлы Жанкелдин ауданының Шеген ауылында туып-өсті. Сондағы орта мектепті тәмамдады.

Бала күнінде ғой, сырт қараған адамға мұның өзге балалардан еш айырмасы жоқ сияқты көрінетін. Бозала таңнан тұрып, қас қарайғанға дейін ойын соғады. Өзен жағалайды, суға шомылады. Тал шыбықты ат қып мінген топ баланың арасында шынашақтай бір бала шаңға көміліп «шауып барады». Осы бір қағылез өскен қара ұлдан ешкім нағыз өнер иесі болады деп үміт күте қоймағаны анық. Дегенмен, әкесінің інісі – Тілектес ағасы үйге келген сайын: «Мына гармонды алып қал. Түбі сенен бірдеңе шығады», – дейтін. Бойында бір қасиеттің барын сезген-ау, жарықтық! Кейде оңашада қалғанда, әлгі гармонды созғылап, тартқан болады. Бірақ, бала көңілі сырттағы ойынға алаңдап тұратын. Бірде мектепте директоры Қибаш Едіресов ағайы «Әй , ұл, бері кел!» деп мұны мұғалімдер бөлмесіне шақырып алып, үлкен жасыл баянды көрсетті. «Мына баянды сен үшін сатып алдым. Осы бөлмеде тұрады. Өзің ойнап үйрен. Мектепте концерт болғанда баянмен сүймелдейсің», – деп қолына ұстатқан. Кейін білді, салмағы әжептәуір музыка аспабын жазда маусымдық жұмыстарға келген Куйбышев авиация институтының студенттерінен сатып алыпты. Жөппөлдемеде не десін, ағайына уәде еткендей басын изеп, мұғалімдер бөлмесінен атып шыққан. Бірталайдан соң әлгі баянға кәдімгідей аңсары ауа бастады. Оңаша жерде алдына өңгеріп алып, ырғай жөнеледі. Өзі ап-ауыр. Бірақ, соңыра ептеп икемге келді. Мықшыңдап жүріп, бар ниетімен меңгеруге кірісті. Болашақ композитордың музыкаға әуестігі о баста осылай басталған еді.

«Торғай» кеңшарындағы Аманкелді орта мектебін бітіргеннен кейін Ақтөбе қаласындағы республикалық мәдени-ағарту училищесінің халық аспаптары бөліміне құжаттарын тапсырды. Ол осы кездің өзінде ән жазуға машықтанып жүретін. Қазақтың ақын-жазушыларын көп оқыды. Бәлкім, соларға еліктегені шығар, кейде өзі де қағаз шимайлап, көкейіне қонған шумақтарды ақ қағаз бетіне түсіре қояды. Онысын өзі іштей оқып көрсе, әлдебір әуенге сұранып тұрғандай көрінеді.

Білінбейтін бойында «өз белгісі»,
Қатарының еместі «көлемдісі».
Оқыса да қаншама жазушы, ақын
Бұрын-соңды болмайтын өлеңде ісі.
Енді қызық, қаларсыз бір ойланып,
Қалам қолға алыпты ыңғайланып.
Үстелінің бетінде үйіндегі
Жатыр аппақ қағаздар шимайланып,

– деп жазыпты бір өлеңінде. Иә, Алтекеңнің өзі де өлең құрастырады. Тіпті, оған ерекше талғаммен қарайды.

Оқу орнын бітіріп, ауылға мұғалім боп оралған жылдары Алтай балаларға арнап бірқатар әндер жазды. Оның «Тентекқара», «Қара бұзау» сияқты кішкентай балаларға арналған туындылары сол жастық шақтың жемісі. Кейін «Жігер», «Соңғы қоңырау», «Жүректе сол бір сәуле», «Жастық шақ» әндерге ғұмыр сыйлады. Өзі айтпақшы, уақытпен бірге оның әндері де есейе бастады. Өмір туралы пайымы өзгерді. Бірақ, әдемі әуезге бай әндерінен балалық шақтың лебі есіп тұратын. Туған жерге деген махаббат – Алтай әндерінің басты тақырыбы. Өлеңді де соған сай икемдеп жазады. Композитордың балалық шағы өткен Бейсенбай төбесі туралы әні көкейге бірден қона кетеді.

Қоңыр төбем, қоңыр тірлік сияқты
бір еншіндей,
Саған деген қоңыр күйім,
қалмасыншы шертілмей.
Сенің сол бір ажарыңа
күлкімізбен сән беріп,
Жағаңдағы жас құрақтай
біздер өстік желкілдей
Бейсенбайдың төбесі
Балғын жылдар белесі.
Жылы ұя боп шуақты
Ұшыра бер, ұл-қызыңды келесі.

– Мен әнді өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап жаза бастадым. Осы уақытқа дейін шамамен елу шақты ән шығарыппын. Бұл біреулерге бәлкім көп



көрінер, мүмкін аз шығар. Алайда, мен өзі қай шығармама да аса талғампаздықпен қарайтын жанмын. Әннің тазалығын сүйемін. Нанасыз ба, кейбір әндерімді жылға жуық уақыт жазған кезім болған. Үстінен қайта-қайта қараймын, өңдеймін. Ашылмай қалған тұстарын тағы бір електен өткізіп, әбден пісіп-жетілмейінше жарыққа шығармаймын, – дейді композитордың өзі.

Иә, Алтынбай әндерінің бәрі ерекше мінезге ие. Кей туындысы салмақты, байыппен айтылады. Енді бір әндерінде патриоттық сарын басым. Мәселен, композитордың «Айналайын, Торғайым» әні туған жерге қойылған ескерткіш іспетті.

– Бұл әннің шыққанына да жиырма жылдан асып кетті ғой. Ол кезде ауылда тұратынбыз. Бір күні «осы мен неге туған жерге арнап бір ән жазбаймын» деген ой келді. Егер жақсы ән шықса, ол жүректерде жатталып қалады. Менің елге қойған ескерткішім сол болсын деп шештім. Әйтпесе, қолымыздан үй салу келмейді, басқасына да икеміміз шамалы. Ал жақсы бір ән жазу қолдан келуге тиіс. Өзімді осылай қамшыладым. Негізі, ән сөзінің бірінші шумағы ойға орала кетті. «Бұлағындай сенен алған бастауын, тұнықтайын таза болсын жас жаным...» Күйсандыққа салып, ойнап көрдім. Жаман емес сияқты. Бірде Батыржанды: «Мына әнді айтып көрші» деп қолқалап көрдім. Ол бәлсінуді білмейтін жігіт. Дауысы қандай керім! Менің көп әндерімнің алғашқы орындаушысы осы Батыржан Қазымбеков. Кейін «Көрші қызды», «Кінәламаны» «Азамат бол, айналайынды!» жаздық, – дейді Алтекең. – Әнде мәтін мен музыка үйлесім өзара табуы керек. Мен кәсіби гармонияны жақсы білем. Әуелі аккомпонементті қойып аламын. Оған қатты көңіл бөлу керек. Аккомпонемент – әрлеу деген сөз. Мәселен, адамды киіндіресің ғой, сол сияқты. Жарыққа шыққан әр ән – балаң сияқты. Мәпелейсің. «Қай жағы дұрыс шықпады екен?» деп басынан сипап, өбектеп отырасың. Қай нәрсеге де талғаммен қараймын. Әлгінде айтқан «Айналайын Торғайым» әнінің екінші куплеті біраз жатыңқырап қалып, жаңа жылдың алдында бітті. Менің алғашқы тыңдаушыларым ауылдағы көршілерім, шешемнің құрдастары еді. Осы ән шыққанда Нағима, Зибагүл, Қапиза апайлар келіп, «Ой, айналайын, Торғайыңа жақсы бір ән арнапсың ғой», – деп қуанды. Расында да ән тәп-тәуір шықты.

Алтынбай әндерінің көбі белгілі бір деректерге, оқиғаға құрылады. Содан жиынтық образ жасайды.

Кәдуілгі ауыл балалары сияқты мұның да басынан талай шым-шытырық оқиғалар өтті. Бірде өзен жиегінде тұрып, суға тас лақтырамын деп құлап кетеді. Абырой болғанда, маңайда жүрген Айткүл тәтесі тілсіз жаудан құтқарып қалады. Тағы бірде ауыл балалары сияқты тал шыбықты ат қып міниіп жүргенде бензавоздың астына түсіп қала жаздапты. Тісқаққандығы ғой, машинаны кілт тоқтатып үлгірген жүргізуші Алтынбайдың дамбалын шешіп, шапалақпен екі мәрте салып-салып жібереді. «Бала кезім-қара көзім» әні осы оқиғалардың негізінде өмірге келген...

Оның әрбір туындысы туған ауыл оттарындай жымың қағып, қазақ музыка өнерінің көгінде жарқырайды. Бұл Алтекең әндерінің өміршеңдігі емес пе?! Жарқ етіп көрініп, жылт етіп жоқ болатын дүниелерге қарағанда оның шығармаларының парасат-пайымы бөлек.

Бүгінде композитордың әндерін қазақ эстрада жұлдыздары – Досымжан Таңатаров, Лұқпан Жолдасов, Медет Шәйкелов, Шахаризат Сейдахмет, Нұрболат Арзамас, Қасқыр Нұрғалиевтер орындап жүр. Биыл ақпан айында Алтекеңнің «Туған ауыл оттары» атты шығармашылық кеші Ел ордасы – Астана қаласында өткен болатын. Енді санаулы күндерден кейін Сейітқасымов әндері Тобыл төрінде шырқалмақ.

СУРЕТТЕ: республикалық байқаулардың лауреаты Алтынбай Сейітқасымов.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

Жаз қызыққа толы

Жаз мезгілінде А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназия жанынан құрылған «Жауқазын» жазғы демалу-сауықтыру алаңқайында оқушылардың бос уақытын қызықты әрі тиімді, көңілді ұйымдастыруы мақсатында 18 үйірме жұмыс жүргізді. Әр үйірмелер күнделікті жоспар бойынша жұмыстар жүргізіп отырды. Мен солардың ішінде «Жас эколог» үйірмесіне қатысамын. Біздің үйірме жетекшіміз – Айтгүл Аңсағанқызы.

Біз «Жас эколог» жазғы сауықтыру лагерінің ұйымдастыруымен қалалық саябақта өткізілген іс-шараларға үнемі қатысып отырдық. Атап айтсақ, Родина орта мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген экологиялық байқауға «Жасыл әлем» тобы Көркем Баймұрат, Перизат Руслан, Мәдина Тұрысбекова қатысып, I орынды жеңіп алды.

№4 жалпы білім беретін «Жас эколог» жазғы-сауықтыру лагерінің ұйымдастыруымен «Табиғатты аялайық» атты іс-шараға «Жасыл ел» тобы Гүлсезім Қуатбекова, Назгүл Әубәкір, Перизат Руслан қатысып, III орын жеңіп алды. Сонымен қатар, олар «Табиғатты қорғай білейік» атты іс-шараға қатысып, мақтау қағазымен марапатталды.

Біздің үйірме күнделікті жоспар бойынша жұмыстар жүргізіп отырады. Біздің алаңқайда өткізілген «Құстар – біздің досымыз» атты ойынға менімен бірге Жұлдыз Нұрманова, Інжу Мақсұтбек қатысты. Ойын барысында оқушылар өздерін таныстырып, қызықты сұрақтарға жауап беріп, мақалдың жалғасын тауып, жұмбақтар шешті. Әр кезең сайын ойын ойналып, сыйлықтар берілді. Ойын соңында Бәшір Мейірбек I орынды, Жұлдыз Нұрманова II орынды, Інжу Мақсұтбек III орынды иелендік. Ойын өте тартымды, қызықты өтті.

Бәшір МЕЙІРБЕК,
А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы 3 «ә» сынып оқушысы.
Арқалық қаласы.

05.11.2012 ж Лицензия №12020748

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

ҚИнЭУ BILIM BOSTANDYQ ÓRKENDEÝ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі рейтингінде
ҚР ЖОО ішінде ТОП-20 университеттер қатарында

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

– Мемлекеттік білім беру гранттары;
– ҚИнЭУ ректоры гранттары, М.Дулатов атындағы гранттар;
– Техникалық мамандықтар бойынша аймақтағы ең үздік мамандандырылған оқу-зертханалық база;
– оқу төлемінің әртүрлі жүйесі, оқу ақысын бөліп төлеу;
– АРТА аккредитация

МҮМКІНДІКТЕРІ:

– Жұмыспен қамту және Солтүстік өңірдің кәсіпорындарында кең тәжірибе базасы;
– Aptech-English и Aptech Computer Education бағдарламалары бойынша ағылшын тілін және IT-технологияларын оқыту;
– Қосымша білім беру: "Кәсіпкерлік мектебі", "Көшбасшылық мектебі", "Есеп мектебі", 1С курстары, робот техникасы курстары, темір жол мамандықтарына дайындау курсы

БАКАЛАВРИАТ:

5В073200 Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша);
5В072800 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы;
5В080600 Аграрлық техника және технология;
5В080100 Агрономия;
5В071700 Жылу энергетикасы;
5В071800 Электроэнергетика;
5В071200 Машина құрастыру;
5В071300 Көлік, көлік техникасы және технологиялары;
5В090100 Көлікті пайдалану, жүк қозғалысын және тасымалды ұйымдастыру;
5В090900 Логистика (сала бойынша);
5В070200 Автоматтандыру және басқару;
5В070300 Ақпараттық жүйелер;
5В070400 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
5В050700 Менеджмент;
5В050800 Есеп және аудит;
5В050900 Қаржы;
5В050600 Экономика;

Екі дипломды бағдарлама

ҚИнЭУ білім беру жүйесі:
Орал мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Екатеринбург қ.)
Бакалавриат:
5В080100 Агрономия;
5В050600 Экономика
Магистратура:
6М050700 Менеджмент
Омбы гуманитарлық академиясы (Ресей, Омбы қ.)
Магистратура:
6М050700 Менеджмент;
5В050600 Экономика
Вайенштефан қолданбалы ғылымдар университеті (Германия, Триздорф қ.)
Магистратура:
6М050700 Менеджмент, аграрлық менеджмент
Бағдарламаның артықшылықтары:
– Шетел ЖОО дипломы және ҚИнЭУ мемлекеттік үлгідегі дипломы;
– Қазақстандық және шетелдік білім беру стандарттарын сәйкестендіретін оқу жоспары;
– Бірқатар пәндерді шетелдік профессорлардың оқытуы;
– Жетекші профессорлардың лекциялары мен семинарлар

МАГИСТРАТУРА:

65В050600 Экономика;
М050700 Менеджмент

ОҚУҒА ТҮСУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

– Жеке куәлік көшірмесі – 3 дана;
– Неке қию туралы куәлігінің көшірмесі;
– Диплом немесе атестаттың түпнұсқасы;
– ҰБТ/КТ сертификаты 2018 жыл;
– Медициналық анықтама 086-У формасы;
– Егу картасының көшірмесі (күндізгі оқу бөлімі үшін);
– 3*4 көлеміндегі фото – 12 дана

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ:

бакалавриат: 1.06.2018 – 28.08.2018
магистратура: 1.07.2018 – 31.07.2018
шығармашылық мамандықтар: 1.06.2018 – 7.07.2018

Қостанай қ., Чернышевский к., 59.
Тел.: +7 (7142) 280-260, WhatsApp: +7 707 228-02-60.
www.kineu.kz, pk@kineu.kz

"ҚИнЭУ колледжі" қабылдау жүргізеді

Колледж КИнЭУ

Лицензия № KZ06LAA00007659 17.10.2016 ж.

МАМАНДЫҚТАР:

– 1014000 Машина құрастыру технологиясы (түрлері бойынша);
– 1118000 Тамақтандыру, сауда және ет өнеркәсібіне арналған жабдықтар;
– 1203000 Темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару;
– 1303000 Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару;
– 1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша);
– 0902000 Электро жабдықтандыру (сала бойынша);
– 0907000 Жылу техникалық жабдықтар мен жылу жабдықтандыру жүйесі (түрлері бойынша);
– 0515000 Менеджмент
– 0518000 Есеп және аудит (сала бойынша);
– 0604000 Стандарттау, метрология және сертификаттау (сала бойынша);
– 1511000 Жерге орналастыру;

МҮМКІНДІКТЕР:

– Мамандарды дайындауға мемлекеттік тапсырыс;
– Кәсіптік практика мен жұмыспен қамтамасыз ету;
– Мамандықтар бойынша қосарлы білім беру элементтері;
– Үздік студенттерге арналған М.Дулатов атындағы стипендиялық бағдарламалар;
– Оқу ақысын бөліп төлеу;
– Белсенді студенттік өмір, түрлі конференциялар, байқаулар, олимпиадаларға қатысу

ОҚУҒА ТҮСІ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

– жеке куәлік көшірмесі (туу туралы куәлігі және ЖСН) – 3 дана;
– білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
– 3*4 көлеміндегі фото – 6 дана;
– Медициналық анықтама 086-формасы, флюро түсірілімі, егу картасы көшірмесі;
– жетім балалар үшін қамқорлыққа алғаны жайлы құжаттар
Құжаттар 2018 жылдың 20 тамызына дейін қабылданады.

Қабылдау комиссиясы мекенжайы:
Қостанай қ., Чернышевский к., 59.
Қабылдау комиссиясының телефон нөмірі: +7 7142 28 29 58. Дс-Сн 8:30-18:30, Жс 9:00-12:00.
www.college.kineu.kz, e-mail: college@kineu.kz

Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2018 жылғы 11 мамырдағы №203 "2018 жылға субсидиялауға жататын нақты сатып алған, пайдаланған тұқымдардың шығындарын ішінара өтеуге арналған квоталарын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысының жобасы Қостанай облысы әкімдігінің ресми порталының құқықтық актілер тарауында http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa/ орналастырылған.

Проект постановления акимата Костанайской области "О внесении изменения в постановление акимата от 11 мая 2018 года №203 "Об установлении квот для частичного возмещения затрат за фактически приобретенные, использованные семена, подлежащие субсидированию на 2018 год" размещен на официальном портале акимата Костанайской области, в разделе нормативные правовые акты http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa.

Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №167 "Бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысандары мен мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысының жобасы Қостанай облысы әкімдігінің ресми порталының құқықтық актілер тарауында http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa/ орналастырылған.

Проект постановления акимата Костанайской области "О признании утратившим силу постановления акимата от 24 апреля 2015 года №167 "Об установлении форм и сроков предоставления страхователем, страховщиком, агентом и обществом информации и документов, необходимых для осуществления контрольных функции" размещен на официальном портале акимата Костанайской области, в разделе нормативные правовые акты http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa/.

Жарнама

54-73-36,
54-33-22
54-99-69

Қостанай облысы Амангелді аудандық мәслихатының шешімі
8 маусым 2018 жыл №220 Амангелді ауылы

Амангелді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Амангелді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 64 "Амангелді ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түсілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6648 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қазанда "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған);

2017 жылғы 23 ақпандағы № 96 "Мәслихаттың 2016 жылғы 08 қыркүйектегі № 64 "Амангелді ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түсілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6945 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 сәуірде "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы 14 маусымда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №7848 болып енгізілді.

Кезектен тыс сессия төрағасы Д.Есмағамбетова
Аудандық мәслихат хатшысы Қ.Кеделбаев
"КЕЛІСІЛДІ"
"Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ Р.Искаков
2018 жылғы 8 маусым.

Решение Амангельдинского районного маслихата Костанайской области
№220 8 июня 2018 года село Амангельды

О признании утратившими силу некоторых решений Амангельдинского районного маслихата

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года "О правовых актах" Амангельдинский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившими силу некоторые решения Амангельдинского районного маслихата:

от 8 сентября 2016 года № 64 "Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по Амангельдинскому району" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6648, опубликовано 21 октября 2016 года в газете "Аманкелді арайы");

от 23 февраля 2017 года № 96 "О внесении изменения в решение маслихата от 8 сентября 2016 года № 64 "Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по Амангельдинскому району" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6945, опубликовано 7 апреля 2017 года в газете "Аманкелді арайы");

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №7848, 14 июня 2018 года

Председатель внеочередной сессии Д.Есмагамбетова
Секретарь районного маслихата К.Кеделбаев
"СОГЛАСОВАНО"
Руководитель коммунального государственного учреждения "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Амангельдинского района"_____ Р. Искаков
8 июня 2018 года

Қостанай облысы Амангелді аудандық мәслихатының шешімі
8 маусым 2018 жыл №221 Амангелді ауылы

Мәслихаттың 2016 жылғы 19 сәуірдегі №14 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 14 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6375 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 маусымда "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы 14 маусымда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №7847 болып енгізілді.

Кезектен тыс сессия төрағасы Д.Есмағамбетова
Аудандық мәслихат хатшысы Қ.Кеделбаев
"КЕЛІСІЛДІ"
"Амангелді ауданының жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ Қ. Кенжебаев
2018 жылғы 8 маусым
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Амангелді ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы
_____Ж.Тажибаева
2018 жылғы 8 маусым

Решение Амангельдинского районного маслихата Костанайской области
№221 8 июня 2018 года село Амангельды

О признании утратившим силу решения маслихата от 19 апреля 2016 года №14 "О повышении базовых ставок земельного налога и единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года "О правовых актах" Амангельдинский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившим силу решение маслихата от 19 апреля 2016 года № 14 "О повышении базовых ставок земельного налога и единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6375, опубликовано 3 июня 2016 года в газете "Аманкелді арайы");

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №7847, 14 июня 2018 года

Председатель внеочередной сессии Д.Есмагамбетова
Секретарь районного маслихата К.Кеделбаев
"СОГЛАСОВАНО"
Руководитель коммунального государственного учреждения "Отдел земельных отношений акимата Амангельдинского района"
_____К.Кенжебаев
8 июня 2018 года
"СОГЛАСОВАНО"
Исполняющий обязанности руководителя республиканского государственного учреждения Управление государственных доходов по Амангельдинскому району департамента государственных доходов по Костанайской области комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан" _____ Ж.Тажибаева
8 июня 2018 года

«Сапырған сары ожаумен сары қымыз, ысталған сары местен дәрі қымыз»

1-бет.

Қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, ат жарыс, қыз қуу, аударыспақ, күрес, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату ойындары, қолөнер, сурет салу фестивальдің көрігін қыздырып жібергендей. Ал таза қанды абадандай төбеттерін ала келгендер де той базардың бір бұрышына жайғасыпты.

Ортаға сахна қойылып, өңірден жиналған өнерпаздар әннен, күйден, биден, жырдан шашу шашты. Ойын-сауық өтіп жатқан ортадан шеткерірек биебау қоршалып, желіге құлындар байланған екен. Ол жерде жылқы түлігін қалай сауып, саумалды ашыту тәсілі оны алғаш көргендерге қызық болғаны рас. Бірақ бұл жерде жиналғандарды таң қалдырған жайтты баяндамай кетпеске болмас. Думанды күнді тамашалауға келгендер арасынан қала тұрғыны Зәуре Бәйменова суырылып шығып, қолына шелек алып, биенің желінінe жақындап отыра кетті. Әп-сәтте ыдыстың түбін сүтке толтырған оған «бүйтпесең, қазақтың қызы болармысың» деп бәрекелділеп жатқандарды көрдік.

Бойға қуат, денге шипа, қасиеті мол Қамбар ата сүтін пайдаға жарату мыңдаған жылдардан бастау алып, ата сусынның құрметіне жасалатын думанның да үзіліп қалмай, бүгінгі күні жаңғырып жатуы заңдылық. Фестиваль Қостанай ауданының әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылғанын айта кетейік. Қымызмұрындыққа облыстың 8 ауданынан бие байлап, бабадан қалған сусынды кәсіп еткен өндірушілер шақырылған. Солардың арасында Жанкелдин ауданынан келген Мәлік Бекет пен Сара Ашабайқызы қымыз-думанның келешек ұрпаққа берері көп дейді:

– Қазақ көктем шығып, жер көктесімен бие байлап, соның құрметіне ауыл-аймақты қонақ қылып қымызмұрындық өткізетін болған. Дәстүр бойынша айғырдың жалын түйіп, қыстан қалған сүріден келгендерге дәм татқызатын болған. Бұл игі дәстүр Торғай жерінде үзілмей келе жатқан үрдіс. Біз ауылда киіз үй тігіп, қымызхана аштық. 25-тей биеміз бар, соның 15-ін сауып отырмыз. Расымен де бұл мерекені Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына үн қосуға, халықтың рухани санасын сілкуге тұрарлық жиын десе болады.

Осы игі іске бастамашы болған аудан әкімі Қайрат Ахметовке алғыс білдірген ағайынның қатары аз емес:

– Өзім Меңдіқара елінің тумасымын. Өмірімде қымыздың құрметіне мұндай ауқымды той жасағанын көрген емеспін. Мұның келешек буынға берері көп әрі осындай ұмыт қалған дәстүріміз жалғасын таба берсе деймін, – деді Көпжасар Шаяхметов есімді ақсақал.

Той баба сусынның құрметіне арналғандықтан, қымыз өндірушілер арасында «Халық таңдауы» байқауы өткізілді. Аудандардан күбі-саба пісе келгендер реттік сан бойынша қаз-қатар тұрады. Жұрт әрқайсысының қымызынан дәм татып, ұнағанына дауыс береді, яғни, сол ауданның реттік саны жазылған қағазды жәшікке тастау қажет.

«Халық таңдауы» байқауында 54 дауыс жинаған жанкелдиндік Мәлік Бекеттің қымызы дәмі жағынан ең бабында деп танылып, жеңімпаз атанды (жүлде 300 мың теңге).

Ат спорты ойындарының құнан бәйге жарысында Мақсұт Шәкібаевтің сәйгүлігі алдына жан салған жоқ (жүлде 150 мың теңге). Ал топ бәйгеде Сайран Әуезхановтың тұлпары үздік келді (жүлде 400 мың теңге).

Қазақ күресінен Талғат Жиентаев «Түйе палуан» атанып, жүлдеге тігілген бұқаны жетектеп әкетті.

Қымызмұрындықты Кеңес одағы кезінде де үзілмеді деуге болады. Қазақстанның орталық, оңтүстік аймақтарында кең көлемде болмаса да, ауыл-ауылдарда осы игі дәстүр өтіп тұрған. Шағын қымызмұрындық пен кең көлемде ауыл болып тойлайтын думандар да өтіп тұрған. Түп атасы біздің ұлан-ғайыр жеріміздің бастау алатын қымыздың келешегі қалай болмақ? Бие сүтін алып, оны қаншалықты пайдаға жаратып жатырмыз? Оны әлемдік деңгейдегі табиғи таза сусын деген атынан айырып қалмас үшін қандай қарекетке барамыз? Міне, осы сауалдар төңірегінде тойдың басында ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, Қамбар ата түлігін зерттеуші ғалым Нәбидолла Кикебаевты кездестіріп, аз-кем сұқбаттасқан едік.

– Әрине, тәуелсіздік алғаннан кейін бұл үрдіс кең етек жая бастады. Наурызбен араласып, одан кейін де өтіп тұрады. Бірақ солтүстік өңірлерде бұл дәстүрдің кенжелеп қалғаны рас. Бүгінгі мына қымыз тойы «мың рет естігеннен, бір рет көрген» дегенді көрсетіп отыр. Тәрбиенің нағыз төте жолы – осы. Қазір ел тек қымыз ішіп кетуге келген жоқ, бұның үлкен тәрбиелік мәні жатыр. Осы қымыздың арқасында қаншама тұтас мәдениетіміз, салт-дәстүріміз көрсетілуде. Мына жақта сурет салынып, ана жерде асық, тоғызқұмалақ ойналып, күрес, бәйге жүріп, әнкүй айтыс, би биленіп жатыр. Нағыз той – осы.

– Бүгінгі балаларды ерте жастан қымызға үйір қылу үшін заманға лайықтау керек деген ұсыныстар бар. Мұндай тәсіл баба сусынымыздың біріншіден қадірін, екіншіден байырғы дәмін кетіріп алмай ма дегенге айтарыңыз?

– Бұл бір үлкен түйткілді мәселе. Қазір бала тұрмақ, ересек жеткіншектердің өзі қымызды ашырқанады. Мен өзім ғалым ретінде екі докторант шәкіртіме нақ осы қымыздың дәмін бүгінгі ұрпақтың аузынан кетпейтіндей қылу жөнінде тақырыптар бердім. Мысалы, балалар тәтті аралас балмұздақ, йогурт тағамдарына үйір. Ал біз солардың құрамына бие сүтін қосып, жаңадан тағам түрін ойлап табудың жолын қарастырудамыз. Бұдан бөлек, қазір сауда орталықтарында, мекемелерде тиын салсаң шай, кофе құйып беретін автомат жәшіктер бар ғой. Ал оған неге қымызды қоспасқа?

– Ғылыми жұмыс дегеннен шығады, қазір қымыз ұнтақ түрінде жасалып жатыр. Заманауи осы тәсіл қаншалықты дұрыс? Бұдан байырғы сусынымыз өзінің қасиетін жоғалтып алмай ма деген сауал келеді.

– Мынаны айтайын. Қарағанды облысының Осакаров елдімекенінде 72 жастағы ақсақалымыз 600 бие сауып отыр. Алтау емес, алпыс емес, алты жүз! Сол жүздеген төлдің саумалын сығып, ұнтақ жасауда. Бірақ соның өзін қазір ел ішінен де, шет мемлекеттерден де дереу талап сатып әкетіп жатыр екен. Ал сауылған саумалдан 10 пайызы ғана ұнтақ болып қалады. Сол себепті, әлгі кәсіпкер біздерді ғалым ретінде әдейі шақырып, өнімін қалай көбейтудің жолын сұрады. Енді мұның мынадай тәсілін ұсындық: алдымен мемлекеттің көмегімен өңірлерден қымыз жинайтын бөлімшелер ашылып, ол жерлерге тоңазытқыш контейнерлер қойылмақшы. Сауылған саумал дереу мұз болып қатырылады. Ертең оны қайтадан еріткен кезде ешқандай дәмдік қасиетін жоғалтпайды. Сол тонна-тонна мұз болып қатқан бие сүті рефрижератор машиналармен Қарағандыға әкелінеді. Егер бұл ұсыныс қолдау тауып жатса, барлық облыстардан жиналған қымыз бұзылмастан саудаға өтіп кете берер еді. Бұл баба сусынымызды сата алмай жүргендерге таптырмас жәрдем болар еді әрі елімізде бие байлайтындардың да саны арта түспей ме.

Суреттерді түсірген Б.Көркембаев.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10016. Тапсырыс 1153. Нөмірдің кезекші редакторы Қ.ҚОЙШЫМАНОВ.